

ӘДЕБИЕТТАНУ

УДК 82

Баян Керімбекова*Сулеймен Демирель атындағы университет, ассистент-профессор, Қазақстан, Қаскелен***Хорлан Сейлхан***Сулеймен Демирель атындағы университет,**«Қазақ филологиясы» мамандығының 4-курс студенті, Қазақстан, Қаскелен***НАЗЫМ ХИКМЕТ ПЕН СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ПОЭЗИЯЛАРЫНДАҒЫ
АВТОРЛЫҚ САНА МЕН ОҚЫРМАНДЫҚ ТАНЫМ**

Андатпа:Мақалада түрік және қазақ ақындары Сәкен Сейфуллин мен Назым Хикмет поэзиясындағы авторлық сана мен оқырмандық таным мәселелері қарастырылады.

Олардың шығармашылығы туралы түрлі танымал ғалымдар мен әдебиетшілердің ой-толғанымдары көрсетілген. Олардың пікірінше "... Назым сияқты адамдар, қай елде болса да шетелдіктер деп саналмайды. Олардың жүрегі дүниежүзілік паспортқа айналады. Назым тарихтағы рөлі, дәл өзіне арналған және бұл рөлді ол тамаша сомдады", ал Сәкен Сейфуллин туралы болса, «ол тек қазақ халқының ғана емес, ал барлық кеңес халқының мақтанышы" делінген. Нақтырақ, мысалдар түрінде поэзияларынан олар сипатталған бейнелер мен оқиғалар көрсетілген. Сондай-ақ, автор Назыма Хикмет пен Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы туралы зерттеулерді одан әрі жалғастыру қажеттігін, олардың поэзиясы жас ұрпақ үшін өзекті екенін атап көрсетті.

Түйін сөздер: Қазақ-түрік поэзиясы, әдеби байланыс, авторлық таным, оқырмандық таным.

Қазіргі кезде ғылымда автордың екі түрі көп сөз болады. Бірі-биографиялық автор, яғни көркемдік кеңістіктен тыс тұратын шығармашылық тұлға, оның өз өмірі мен тағдыры болады. Екіншісі- көркем мәтіннің ішіндегі, яғни образға, белгіге айналған автор. Тіл мен айтылымның өнер құбылысына айналу барысы мен құпиясы көп жағдайда көркем әлемді оны жасаушы тұлғамен қосқабат бағалауға негіз болып жүр. Өзімізге таныс мәтіндерді «Бұл- Мағжан», «Бұл- Бейімбет» деп жиі айтамыз. Осындай метонимияның астарында оқырманның мәтіннен автор тұлғасын көруге деген ынтызарлығы, яғни мәтін арқылы ондағы авторды білуге деген ниеті жататыны түсінікті [1,88].

Осы тұрғыдан алғанда, Сәкен Сейфуллин мен Назым Хикмет өлеңдеріндегі авторлық сана мен оқырмандық танымды жеке-жеке талдауға, қарастыруға тырыстық. Екі ақынның коммунист болғанын алға тартпай, ондағы шындықты, жазылған дүниені, ой-пікірлерді сол күйінде жас ұрпақ санасына жеткізу және өршіл поэзиясындағы ұлттық идеяның көрінісін барынша талдауға тырыстық.

Қаламгердің жеке өмірінің, ол өмір сүрген кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік болмыстың деректерінің оның шығармаларында көрінуі әрқилы себебі көп. Суреткер шығармасында өзіне ұқсас, мұндас, сырлас кейіпкерлерді жиі бейнелейді деген пікірлер белгілі. Әдеби туындыларда автордың өзінің көркем автопортреті де, псевдопортреті де кездесіп тұратыны белгілі жайттар. Жазушының өмірі мен шығармашылық қызметінің деректерін жетік білуге ол жазған көркем туындыны, сол уақыттағы әдеби үрдісті жүйелі талдауға көп көмектеседі. Қаламгердің жеке өмірі мен шығармаларының арасындағы байланыстың өте күрделі екендігі рас. Әдеби туынды өз авторларының образын әсірелеп, өзінше «пиар» жасауға арналуы да әбден мүмкін, өйткені жазушы мәтінде нақты болмысты емес, оқырманына өз қиялын бейнелеу арқылы өзінің «менін» емес,

«антименін» көрсетуге ұмтулы ғажап емес қой. Арманы мен ішкі сұраныстарына сай бола алмаған өзінің нақты өмірін басқа қырынан жаңғырту үшін жазушының өз туындысында жаңа авторлық «маска» киетініне мысалдар көп. Сонымен қатар, ақынның өлеңі мен оның өміріне кірігіп кететінін, А. Пушкин мен С. Есенин тағдырының жанрға, жанрдың биографияға айналғанын дәлелдеген орыс ғалымдары бар. М. Мақатаевтың өзін өлеңінен іздеуді аманат еткені тегін емес, осындай ақпараттарды ғылыми нысанаға айналдырудың мәні көп.

«Мәтіндегі автор» мәселесі сөз болғанда ұлттық әдебиеттегі оның көріністері туралы талай әңгіме айтылған. Өмір тануды басқаша ұғып, түзіктіктен гөрі бұзықтыққа үйір болғандар, өз қағынан өзі жеріп, ділі, тілі, салты мен халқынан қорынғандай өзге боп көрінуге әуес елес біздің әдебиетте де бар. Демек, «мәтіндегі автор» сипатын айқындау мен бағалау үшін экспрессивтік, эмотивтік, интенсивтік, бейтараптық, салғырттық, енжарлық, інкәрлік, құштарлық сияқты ұғымдардың орынды, әрі жиі қолданып отырғаны тиімді екені байқалады.

Сәкен қазақтың ыргала қозғалған көшіне жаңа қарқын қосты. Сәкеннің лирикасы тақырыбы, сипаты жағынан сан алуан. Сәкен лирикасының көркемдігінің жаңашылдық сипатын ұғыну үшін «Нұра», «Інішегіме», «Көңіл», «Біздің жақта», «Ызғырық аязда кедей ауылы», «Далада», «Жайлауға көшу», «Асығып тез аттандық», «Домбыра», «Аққу құс», «Сыр сандық», «Қашқынның ауылы», «Жазғы түнде», «Тоқу фабрикасында», «Кел жігіттер!» өлеңдерін, «Көкшетау», «Аққудың айырылуы» поэмаларын тілге тиек етуге болады. Онда туган өлке табиғаты да, қоғамның әлеуметтік жағдайы да, көңілдің сырлы сезімдері де, махаббат, жастық, өмірлік сұлулық кеңінен көрініс табады. Қай өлеңін оқысақ та, елінің ертеңі үшін елендеген қажырлы тұлғаны көреміз. Өз елінің езілгенін, қаналғанын, қорлық-зорлық көргенін, тұщы етіне ащы таяқтың тигенін ұмытпа алмаған жанның Қазан төңкерісі арқылы әділдік, теңдік, бостандыққа жетуге талаптанғанын енді аңғармасқа болмайды. Бұл тілекті алашордашылар да айтты, жазды, әрекет жасады, тіпті Ресейдің Советтен басқа әртүрлі үкіметтермен байланысу арқылы қазақты жақсылыққа жеткізбек болғаны өтірік емес [2,5].

Халқына өлеңімен дем берген, құрылған жаңа Үкіметтің жұртын қараңғылықтан алып шығатынына сенген, Сәкеннің өміріндей өмірі аңызға толы ақынның бірі- түрік ақыны Назым Хикмет Ранн. Түрік ақыны Назым Хикмет- 1902 жылы 17 қаңтарда Грекияның Солоника жерінде дүниеге келген, жазушы, қоғам қайраткері, драматург. "Романтик коммунист", "Ғасыр романтигі" деген аттармен танымал болған ақын. Саяси ойлары үшін өмірінің көп жылдарын қуғында, түрмеде өткізген. Өлеңдері көптеген тілдерге аударылған және көптеген марапаттармен марапатталған. Қуғында жүргенде Орхан Селим, Ахмет Огуз, Мұмтаз Осман және Ерджүмет Ер деген бүркеншік аттармен жүрген. "Ит үреді, керуен жүреді" кітабы Орхан Селим деген атпен шыққан. Тыйым салынған өлеңдері үшін ақынның үстінен 11 рет сот ісі қозғалады. 12 жылын Стамбул, азаматтығынан айырады, бірақ 2009 жылы өлімінен 46 жылдан соң азаматтығы қайтарылады. Өмірінің соңын Мәскеуде өткізген ақын сол жерде дүние салып, сол жерде жерленеді. Алғашқы жинағы "Күн жұтқандар жыры" Бакуде жарық көрді (1928). Ол бұл кезеңдердегі өлеңдерінде көбіне ерлік пен батырлықты дәріптеді. "835 жол өлең" (1929), "Варан – 3" [3](1930), "1+1=1" (1930), "Дауысын жоғалтқан қала" (1931) атты өлеңдер жинағында түрік халқының ауыр тұрмысын суреттеді. Ал "Джиоконда және Си-Я-у" (1929) поэмасы мен "Бенерджи өзін-өзі неге өлтірді?" (1932) атты өлеңмен жазылған романында Азия мен Африкадағы отаршылдықты сынады. "Қу бас" (1932), "Өліктің үйі" (1932), "Ұмытылған адам" (1935) пьесаларында адамдардың қоғамдағы рөлі туралы

жазды. “Түнде келген телеграмма” (1932) өлеңдер жинағында түрік халқын демократия жолындағы күресте табандылыққа шақырды. “Портреттер” (1935) жинағы мен “Таранта Бабуға хаттар” (1935) поэмасында, “Неміс фашизмі және нәсілшілдік” (1936) атты еңбегінде фашизмді және оны қолдаушы түрік ұлтшылдарын сынға алды. 1938 жылы ол 28 жылға сотталып, 17 жыл түрмеде отырды. Абақтыда “Адам панорамасы” тарихи дастанын, “Түрмеден жазылған хаттар” атты өлеңдер топтамасын жазды. Назым Хикмет Ран түрік өлеңіне соны ырғақ, екпін, ұйқас түрлері мен “еркін өлең” аталатын жаңа үлгіні енгізді. Алғашқы өлеңдері асқақ ой мен сырлы сөздерге құрылса, кейінгі жылдары терең лиризмге бой ұрды. Назым Хикмет Ран өлеңдері түрік поэзиясына зор ықпал етті, оның есіміне байланысты әдеби ағымдар пайда болды. [3,3].

Екі ақынның өлеңдерін оқи отырып, екі түрлі халықтың тұрмысын, тарихын, мәдениетін, саясатын, қоғамдағы жағдайын көреміз. Қоғамда болып жатқан келеңсіздікке деген екі ақынның ішкі жанайқайы өлеңдерінде көрініс тапқан. Солардың бірі- авторлық сана.

Сәкен халықтың ауыр тұрмысын, оның ішінде кедейдің тұрмысын біз “Ызғырық аязда кедей ауылы” өлеңінен көреміз.

Ызғырық аязда кедей ауылы
 Қар үстінен шаңғытып,
 Құйқылжиды борасын.
 Даладағы ауылдың
 Басып көмед қорасын.
 Далада ауыл...бүрісіп
 Қар астына көмілген.
 Қармен әбден алысып,
 Әлі құрып жеңілген.
 Асы-көже қатықсыз,
 Бұл ауыл бір жарлы еді.
 Тәуір қыстау жері жоқ,
 Даладағы зарлы еді.

Сәкен халықтың тұрмысын Жұматтың образы арқылы, кедей ауылы арқылы берсе, түрік ақыны Назым Хикмет сол кездегі халық саны 30 млн халықпен береді. “Еуропаға еліктеген сол кездегі түріктің саясаты халықты аштыққа апарды” деп зар жылады ақын. “Германия мен Францияның аузына барын тосып отырған елдің халқы аш болмағанда кім аш болады?!” деп жырына қосты. Революционер ақын дейтінімізде сондықтан. Назым поэзиясында ұлттық идея кеңінен орын алған. Мысалы “Аштар” атты өлеңі (“Açların Gözbebekleri”):

Değil birkaç
 değil beş on
 otuzmilyon
 aç
 bizim!
 Onlar
 bizim!
 Biz
 onların!
 Dalgalar

denizin!
Deniz
dalgaların!
Değilbirkaç
Değilbeş on
30.000.000
30.000.000!
Açlardizilmişaçlar!
Ne erkek, ne kadın, ne oğlan, ne kız
Sıskacılız
Eğribüğrüdallarıyla
Eğribüğrüağaçlar!
Ne erkek, ne kadın, ne oğlan, ne kız
Açlardizilmişaçlar!

Аштар
Ей, әлеумет!
Мұнда болсын назарың!
Естіле ме саған
Мынау азалы үн?
Күңіренген біреу емес-
Тұп-тура
Отыз миллион!
Тартқан аштық азабын...
Олар мен
Біз-
Біртұтаспыз бәрміз.
Қиналса олар -
ауырады жанымыз.
Қасірет пен қайғы да
Ортақ біздерге.
Бір теңіздің
Біздер ортақ толқындарымыз...
Біреу емес
Аһ ұрғандай 30 млн!
Тірі өлік!
Шетсіз-шексіз ашарықтар тізілген,
Бұлар тіпті, не бала,
Не кәрі емес-
Шеттерінен құр аруақ,
Бәрі -елес.
Бұлар -ағаш ,
Жапырағы үзілген... 4,72].

Сәкен мен Назымның коммунистік идея мен «көсемдер» туралы өлеңдері

Коммунизм идеяларының жаршысы болғандар халыққа қастандық жасаушылар емес. Олардың трагедиясы, соры – сол идеяны насихаттаушылардың қарадүрсін түсіндірмелеріне имандай ұйып, ойланбауы.[5,1]. Сәкеннің де, Назым ақынның да Совет

Үкіметімен байланысу арқылы өз халқын жақсылыққа жеткізбек болғаны өтірік емес деп жоғарыда да айтқан болатынбыз. Сәкен өлеңдеріндегі осы бір "сенім" "Қызыл жұлдыз" өлеңінде де бар. Жазылған дүние жазылып қалған соң, оны да беруді жөн көрдік:

...Қызыл жұлдыз кең советтің төрінде,

Және ішкі жүрек пенен үнінде.

Маркс, Ленин салған жолы әлі ұзақ,

Түссең жолға, жұлдыз қолда, ерінбе!

19 жасында туған елден қуғын көрген Назым Хикметте бұл сарында өлең жазуына сол кездегі қоғамды айыптаймыз ба, халықты айыптаймыз ба, жоқ әлде ақынның өзін бе, біз түгілі түрік халқы да білмей жатыр. Сондықтан ақын қаламынан туындаған сол кезде өзіндік бағасын алған жырларын ұсынуды жөн көрдік. Шамамыз жеткенше Сәкенмен салыстыруға тырыстық. Өз еліне коммунистік идеяны еңгізуді армандаған ақын өлеңдерінде көрініс тапты. Бүгінде оңшылдар мен солшылдар осы үшін сөз таластыруда. Ақынның ең бірінші "Мәмедке жолдаған соңғы хат" өлеңінде ұлына да ұлы арманы туралы сөз етеді. Оны мына жолдардан көре аламыз:

...Ал, Түркия- ғажап ел.

Біздер -оның өркені.

Адамдары ақжарма, һәм бейнетқор, ержүрек,

Қасқа кедей шетінен,

Маңдай соры төрт елі.

Білем, кейін халықтың аңсап бақыт табарын,

Мол ырысқа кенелер шалқып бір шартарабым.

Сен көрерсің ол күнді,

Өзің туған өлкеңде

Коммунизм құрарсың өз қолыңмен, қарағым [6,17].

Назым ақында Сәкен секілді халқының бір бақытқа кенелеріне сенді, ол бақытқа жеткізетін- коммунизм деді. Ұлына да соны өсиет етті. Ақынның 1932 жылы жарық көрген "Түнде келген телеграф" өлеңі де түрік халқын демократия жолындағы күресте табандылыққа шақырды. "Портреттер" жинағы мен "Таранта Бабуға хаттар" поэмасында, "Неміс фашизмі және нәсілшілдік" атты еңбегінде фашизмді және оны қолдаған түрік ұлшылдарын сынға алды.

Екі ақын өлеңдеріндегі коммунистік идея және коммунистік партия сөз болғанда Ленин, Сталин туралы сөз болары ақиқат. Ол кезде екі "көсемге" жыр жазбаған ақын кемде -кем шығар. Ендеше, Сәкен өз өлеңінде Ленинді былайша жырлайды:

... Жалшыларға жалпы азаттық Байдан.

Не теңелмек, не қазаттық Майдан.

Бостандықтың таң азаны Ленин,

Саясаттың мыс қазаны Ленин....

Ал түрік ақыны Назымның "көсемдерге" жазғандарына қарап, түрік халқы "Ол өзін Сталин мен Ленин жаратты деп жүр" дейді. Бірақ ақынның сол жылдары жазылған күнделіктерінде ақын осы көсем турасында "Мен Ленин мырзаны сыйлаймын.бірақ оны «Күн көсемі» деп табынатындарына қарсымын" деген сөзін қайда қоямыз?! Әрине бұл жерде ақталудан аулақпыз. Енді, Назымның Ленин туралы өлеңіне көз жүгіртейік.

Bahar geldi çocuklar

Çıkmış kirlere

ÇiçekLENİN çocuklar çiçekLENİN

Güneş bütün varlığıyla tezahür etti

GüneşLENİN çocuklar güneşLENİN

аталатын тіпті ағым бар. Serbest nazım ("еркін назым") деген. Назым өзін бірінші, әлемге, сосын еліне мойындатқан ақын. Сол кездегі түрік жазушысы Кемал Тахир Назым туралы естелігінде "Назым, жаратылыстан дүниенің ең үлкен өлең күшін арқалаған бақытты ақын" деген екен. Ең үлкен өлең күші-оның қалыптастырған әдеби ағымы. Ақынның саяси көзқарасынан оның өлеңдерінде көзге ілмейтіндер табылып жатады. Дегенмен, көзі ашық, көкірегі ояу оқырмандарда табылып жатады. Соның бірі сол кездегі Орхан Бура деген лейтенанттан "Назымды қазір ұстап әкелсе, не істер едің?" деген екен. Сонда лейтенант ойланбастан: "Оны коммунист болғаны үшін дарға асып, ақындығы үшін қабірінде қабірін құшақтап жылар едім" деген екен. Бұл да бір сол кездегі ақынға берген баға. Оның поэзиясына берілген баға.

Ben yanmasam,

Sen yanmasan,

Biz yanmasak.

Nasıl çıkar karanlıklar aydınlığa..

Мен жанбасам лапылдап,

Сен жанбасаң лапылдап.

Біз жанбасақ лапылдап,

Аспан қалай ашылмақ?! төрткүл дүниеге бірдей тарағаны рас. [6, 4].

Ақын Мәскеуде жүргенде өнер адамдары мен қоғам қайраткерлерімен етене жақын болды. "Ақын, қай жерде де-ақын" дегендей Назым ақын өзге елдің топыраағында да жүріп, өлең жазуын тоқтатпады. Өлеңдер жазылғаннан кейін де көптеген пікірлер айтылды. Мәскеудің әдеби ортасында оны "Голубоглазый Великан", "Турецкий Пушкин" деп атады.

Евгений Евтушенко да Назым туралы былай деген екен "такие люди, как Назым, не бывают иностранцами ни в какой стране. Их сердце становится всемирным паспортом". Бір сөзінде "Роль, которую сыграл Назым в истории, была ему предназначена. И он сыграл эту роль гениально"[7,74]. Бір қызығы, Назым Хикмет туралы орыс мақалаларын немесе кеңес үкіметі кезінде жазылған қазақша мақала, материалдарды қарап отырсаңыз оның өлеңдері сұранысқа ие. Негізі солай. Бірақ түрік ғалымдары, басқалары (барлығы емес) оның өлеңдерін ортаңқол санайды екен. Халықтың жартысынан азы. Демек, түрік ғалымдары тарапынан мынандай ойға келдік: Саяси көзқарасы үшін оның өлеңдері Түркияда оқылмайды. Әрине, көпке топырақ шашудан аулақпыз. Егер сіз түрікке барып "Назым Хикмет" десеңіз бүгінде онымен мақтанып қалатындары да бар. "Ben yanmasam..." деп бастап жібереді. Назымның халқы арасындағы дау әлі де жалғасуда. Бірақ оқырмандары тарапынан өршіл өлеңдері әлі күнге дейін оқылады. Өйткені жоғарыда біз "өзін-өзі" дәделдеп кеткен ақын екенін айтқан едік. Қай халықтың дамуында болмасын, әдеби байланыстардың алатын орны зор. Әдеби байланыстар бір халықтың рухани байлығын, арман-мүддесін, өмір тарихын басқа халықтардың даму тарихымен ұштастыруға дәнекер болады. Тәуелсіздікке дейінгі қазақ-түрік әдеби байланыстардың ұзақ уақыт үстемдік құрған солақай саясаттың кесірінен кенжелеу дамығаны жасырын емес. Бүгінгі қазақ-түрік әдеби байланыстарын, түбі бір түрік пен қазақ халқына ортақ асыл мұраларымызды зерттеп, зерделеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, Сәкен Сейфуллин мен Назым Хикмет өлеңдеріндегі авторлық сана мен оқырмандық танымды жеке-жеке талдауға, қарастыруға тырыстық. Екі ақынның коммунист болғанын алға тартпай, ондағы шындықты, жазылған дүниені, ой-пікірлерді сол күйінде жас ұрпақ санасына жеткізу және өршіл поэзиясындағы ұлттық идеяның көрінісін барынша талдауға тырыстық.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Есембеков. Т. Көркем мәтін поэтикасы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2005.
- 2 Кәкішев. Т. Қазақты Сәкен Сейфуллин – мәдениетті, өркениетті елдер қатарына қосуды армандаған тұлға. Адырнай сайты, 2011.
- 3 NazimHikmet.com.tr сайты, 2014.
- 4 Назым Хикмет. Таңдамалы. -Алматы, 1975.
- 5 Сейфуллин. С. Өткен күндер. -Алматы, 1969.
- 6 Жұмағалиев. Қ. Назым Хикмет аудармалары. Алматы, 1975.

Баян Керимбекова

Университет имени Сулеймана Демиреля, ассистент-профессор, Казахстан, Каскелен

Хорлан Сейлхан

Университет имени Сулеймана Демиреля, студент 4 курса специальности «Казахская филология», Казахстан, Каскелен

**АВТОРСКОЕ ВИДЕНИЕ И ЧИТАТЕЛЬСКОЕ ВОСПРИЯТИЕ ПОЭЗИЙ
НАЗЫМА ХИКМЕТА И САКЕНА СЕЙФУЛЛИНА**

Аннотация: В статье рассматривается творческая деятельность турецкого и казахского поэтов Назыма Хикмета и Сакена Сейфуллина, анализируются схожесть и различия в их поэзии. Представлены различные высказывания известных ученых и литераторов о их творчестве, по мнению которых «...такие люди, как Назым, не бывают иностранцами ни в какой стране. Их сердце становится всемирным паспортом. Роль, которую сыграл Назым в истории, была ему предназначена. И он сыграл эту роль гениально», а про Сакена Сейфуллина то, что «он был гордостью не только казахского, а всего советского народа». Подробно на примерах из их поэзии показаны образы и события, описываемые и воспеваемые ими. Также автор подчеркивает, что необходимы дальнейшие исследования творчества Назыма Хикмета и Сакена Сейфуллина, так как их поэзия актуальна и для молодого поколения.

Ключевые слова: казахско-турецкая поэзия, литературная связь, авторское познание, осмысление читателя.

Bayan Kerimbekova

Suleyman Demirel University, Assistant Professor, Kazakhstan, Kaskelen

Khorlan Seilkhan

Suleyman Demirel University, Student 4 courses of speciality "Kazakh philology", Kazakhstan, Kaskelen

**AUTHOR VISION AND READERS' PERCEPTION OF THE POETRY OF NAZIM
HIKMET AND SAKEN SEIFULLIN**

Abstract: The article deals with the creative activity of the Turkish and Kazakh poets Nazim Hikmet and Saken Seyfullin and analyzes similarities and differences in their poetry. There are various statements of famous scientists and writers about their creativity and according to them "... such people as Nazım, are not foreigners in any country. Their heart becomes the world passport. The role, which was played by Nazım in the history, was intended to him. And he played this role ingeniously", and about Saken Seyfullin that "he was pride not only for Kazakhs, but all Soviet people". The subtle examples of glorified images and events from their poetry were described and shown. Also the author emphasizes that further researches of creativity of Nazım Hikmet and Saken Seyfullin as their poetry is actual and necessary for the younger generation.

Key words: Kazakh-Turkish poetry, literary connection, authorial wit, the readers understanding.